

## Ақсу қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылған деп тану туралы

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 21/1 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы “Нормативтік құқықтық актілер туралы” Заңының 40-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы “Ақсу қаласының жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы қағидаларын бекіту туралы” № 912/5 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3679 болып тіркелген, 2014 жылғы 5 ақпандағы № 10 “Ақсу жолы” және № 10 “Новый путь” газеттерінде жарияланған);

Ақсу қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі “Ақсу қаласы әкімдігі атқарушы органдары “Б” корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы” № 305/4 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4462 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 мамырдағы № 19 “Ақсу жолы” және № 19 “Новый путь” газеттерінде жарияланған) күштері жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

*Қала әкімі*

*Қ. Нүкенов*